

Стоматологиялық кәсіби тілдің үш қыры

Құлманбетов И.Ә., Құлманбетов Р.И., С. Х. Шарипова
С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың стоматология факультеті
МЕББМ Қазақстан-Ресей Медициналық Университеті
стоматология факультеті

Түйіндеме. Тақырыпқа байланысты лингвистикалық бағдарлама тілдескіш, терминологиялық сөздік және медициналық мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылған.

Түйін сөздер: лингвистика, терминология, полилингвизм, мақал мен мәтелдер, үш тілдік оқыту үрдісі, білім, дағды, іскерлік.

Зерттеудің өзектілігі. Біздің көп ұлттық елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл болса, орыс тілі ұлттаралық қатынас тіл болып табылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіз болған жолдардан бері қоғам өмірінде қазақ тілінің рөлі күрт өсіп, беделі артты. Бұл мәселе, әсіресе, ұлты әр түрлі науқастарды қабылдайтын дәрігерлер үшін маңызды. Әр дәрігер өзінің күнделікті тәжірибесінде қазақ және орыс тілін тең дәрежеде пайдалануы тиіс. Қазіргі таңда ағылшын тілін білу де уақыт талабына айналды. Әсіресе, білім сапасының аса жоғары құндылыққа айналуы, дәрігер мамандарды даярлауға деген талаптың күшеюі, ақпараттың күннен-күнге өсуі – осының барлығы университетте тілдерді оқытудың белгілі мақсаттарын қайта қарастыруға түрткі болып отыр. Әлемдік білім беру кеңістігінде және ықпалдасу үрдістерінің тереңдеуі барысында лингвистикалық біліктілік қарым-қатынастық кілтіне айналды. Оның үстіне біздің ҚазҰМУ-да жасалған тілдер бағдарламасы өзінің мазмұны, құрылымы бар толыққанды курс болып табылады және ол коммуникативті тұрғыда бағдарланып, кәсіби бағытталған [1,2,3,4].

Зерттеудің мақсаты. Оқыту үрдісіне, яғни студенттерге, дәрігер интерндерге үш тілдік білім беру жүйесін енгізу, үш тілдегі сөздердің мағынасын ашуға талпыныс жасау.

Зерттеудің әдістері мен материалдары. Белгілі-бір тақырыпты игеру барысында студенттер мен дәрігер-интерндер немесе жас дәрігерлер өз мамандықтары

бойынша қарым-қатынас орнатуға қажетті лексикалық сөздік қор жинақтай алатыны белгілі.

Жоғарыда аталған мақсатқа сәйкес лингвистикалық әдістер яғни тілдескіш, стоматологиялық терминдер сөздігі және медициналық мақал-мәтелдер үш тілдік (орысша-қазақша-ағылшынша) тұрғыдан қарастырылып аталмыш оқыту бағдарламасын іске асыруға пайдаланылды.

Зерттеудің нәтижесі. «Орысша-қазақша-ағылшынша тілдескіш» дәрігер-стоматологпен науқас арасындағы кейбір жағдайда туындайтын сұрақтар мен жауаптардан тұратын диалог ретінде құрастырылды [5,6,7]. Оған мынандай мысалдар келтіруге болады. «Дәрігер-стоматолог-терапевтің қабылдауындағы» жағдаят (ситуация):

В р а ч : Здравствуйте!	- Сәлеметсіз бе!	Doctor: Hello!
Врач: - Проходите, пожалуйста.	Дәрігер: -Төрлетіңіз.	Doctor: Come in, please.
Врач: - Садитесь, пожалуйста, в кресло, я проведу осмотр.	Дәрігер: -Мына креслоға отырыңыз, мен қара тексерейін.	Doctor: Please sit downina chair,I will holdexamination.
Врач: - Как Вас зовут?	Дәрігер: -Сіздің есіміңіз кім?	Doctor: What's your name?
Пациент: - Меня зовут...	Науқас: - Менің есімім...	Patient: My name is...
Врач: - На что жалуетесь?	Дәрігер: -Шағымыңыз қандай?	Doctor: What tocomplain?
Пациент: - Болит зуб.	Науқас: - Тісім ауырады.	Patient: Toothache.

Екінші әдіс бойынша стоматологиялық терминдер сөздігі үш тілдік оқыту бағдарламасына сай төменгідей түрде құрастырылды. Олар:

Орысша	Қазақша	Ағылшынша
Укорочение зубов	Тістерді қысқарту	Dental abbreviation
Неправильный прикус	Қисық тістем	Occlusion abnormaliby
Стирание (зубов)	Қажалу (тістің)	Abrasion
Анкилоз	Тасбуын	Acampsica
Опорный зуб	Тірек тіс	Abutment
Разрастание десны	Қызылиектің үлкеюі	Gingival acceretion
Обезболивающее средство	Жансыздандырушы дәрілер	Accsodyne
Невралгия тройничного нерва	Үштармақты нерв невралгиясы	Trigeminal neuralgia

Оттискная масса	Қалып алғыш пасталар	Impression paste
Пародонтоз	Қанжел	Periodontosis
Зубной налет	Тіс қағы	Dentobacterial plaque
Базисная пластинка протеза зубов	Тіс протезінің базистік пластинкасы	Base plate
Базис протеза зубов	Тіс протезінің базисі	Olentaepiante
Частичный съемный протез зубов	Жартылай алмалы салмалы тіс протезі	Partial plate
Ортодонтические щипцы	Ортодонтиялық қысқаш	Orthodontic pliers
Десневой карман	Қызылиек қалтасы	Gingival pocket
Тело мостовидного протеза	Көпір тәрізді протездің денесі	Pontic
Окклюзионные отношения челюстей	Жақ сүйектердің окклюзиялық қатынасы	Acclusal position
Шинирование зубов	Тістерге шендеуіш салу	Splinting teeth
Пломбированный зуб	Пломбыланған тіс	Filled tooth
Обложенный язык	Өңезді тіл	Furred tonque
Зубной имплантат	Тіс имплантанты	Dental implant
Наконечник для бормашины	Бормашина ұштығы	Dental handpiece
Үш тілдік оқыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін коммуникативтік дағдыларды мақал- мәтелдер арқылы жетілдіруді жөн көрдік. Қанша дегенмен «мақал бекер айтылмас болар» (пословица не даром молвится). Сол сияқты “даналық-мәтелде” (в поговорке мудрость) деп тіл арқылы ой- пікір алмасуға, ақпарат жеткізуге мән бердік.		
Орысша	Қазақша	Ағылшынша
В здоровом теле, здоровый дух	Тәні саудың жаны сау	A sound mind in a sound body
Кто болезнь скрывает, тот со смертью играет	Ауруын жасырған өледі	Who conceals his illness, that plays with death
Еда человеку силу дает	Ас адамның арқауы	Meal gives the person strength
Здоровье выходит пудами, а входит золотниками.	Кесел батпандап кіріп, мысқалдап шығады.	Mischief come by the pound and go away by the ounce.
Кто рано ложится и рано встает, здоровье, богатство и ум наживет.	Ерте тұрған елден озады.	Early go to bed and early to rise makes a man healthy, wealthy and wise.
Тяжело болеть, тяжелее того над болью.	Сұрап алған аурудың емі жоқ.	The evils we bring on ourselves are the hardest to bear.
Здоровье дороже богатства.	Денсаулық-зор байлық.	Health is better than wealth.
Чистота-залог здоровья.	Тазалық бар жерде денсаулық бар.	If each would sweep before his own door, he should have a clean city.
Предупреждение лучше лечения.	Алдын алу ауруды жеңу.	Prevention is better than cure.
Аптека и лечит, как калечит.	Сәтін салса, дәрі ауруға -ем, сәтін салмаса, дәрі-у.	The remedy is worse than the disease.
Чем ушибся, тем и лечись.	Неден ұшынсаң, сонымен емдел.	Take a hair of the dog that bit you.

Қорытынды: Сонымен, үш тілдік оқыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін тілдескішті, стоматологиялық терминдер сөздігін және медициналық мақал-мәтелдерді пайдалану оқу сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Стоматологиялық көмек көрсету кезінде дәрігер стоматолог пен науқас

адамның бір- бірімен еркін тілдесуіне жәрдемдеседі. Соның арқасында сапалы ем мен стоматологиялық денсаулыққа қол жеткізуге ықпал ететін өзара серіктестік қарым-қатынас қалыптасады.

Үш тілдік оқыту жүйесі әлеуметтік және кәсіби бағытталған қарым- қатынас аясында, тілдерді

белсенді түрде меңгеруге ынта-ықылас тугызып, болашақ дәрігер маманның мәдени және лингвистикалық біліктілігін арттыруға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Ақанов А.А., Есенжанова Г.М., Абирова М.А., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ -да үш тілдік оқыту бағдарламасы. Алматы, 2009.

2. Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша-қазақша- ағылшынша. Алматы, 2009.

3. Сауранбаев Н.Т., Мусабиев Г.Г. Русско - казахский словарь. - Алматы, 2005.

4. Құлманбетов И.А., Құлманбетов Р.И. Русско - казахский стоматологический словарь. - Алматы, 2004.

5. Құлманбетов И.А. Казахско-русский медицинский словарь для стоматологов. - Алматы, 2006.

6. Радзевич А.Э., Куланов Ю.А., Госьева Е.В. Краткий толковый словарь медицинских терминов. - М., 2004.

7. Драгункин А. Самоучитель английского языка. - М., 2011.

Три грани профессионального стоматологического языка

КУЛЬМАНБЕТОВ И.А., КУЛЬМАНБЕТОВ Р.И., ШАРИПОВА С.К.

КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, стоматологический факультет,

НУО «Казахстанско–Российский медицинский университет», стоматологический факультет.

Резюме: Языковая компетенция студентов находит свое развитие путем составления разговорника, словаря стоматологических терминов, пословиц и поговорок на медицинскую тему в плане трехязычного (казахского, русского, английского) обучения.

Ключевые слова: лингвистическая компетенция, разговорник, стоматологические термины, полилингвизм.

Three facets of professional dental language

ISATAI A. KULMANBETOV, RUSLANI. KULMANBETO, SAULE K. SHARIPOVA

Kazakh National Medical University named after Asphendiarov S.D., Faculty of Dentistry

Kazakh- Russian Medical University, Faculty of Dentistry

The ways of trilingual education program development.

Summary: Language competence of students finds its development by forming of phrasebook, dictionary dentistry terms, proverbs and sayings on medical theme in plan of trilingual (Kazakh, Russian, English) education.

Keywords: linguistic competence, phrasebook, dentistry terms, multilingualism.